

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне банк құпиясы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 29 наурыз N 42-II.

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Жедел іздестіру қызметі туралы" 1994 жылғы 15 қыркүйектегі Z944000_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 13-14, 199-құжат; 1995 ж., N 24, 167-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 14, 275-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат):

8-баптың 1-тармағының ж) тармақшасы "хабарламаларын," деген сөзден кейін " Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Z952155_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 23-құжат; N 12, 88-құжат; N 15-16, 100-құжат; N 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 11-12, 262-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 47-1-баппен толықтырылсын:

"47-1-бап. Кассалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру

Қазақстанның Ұлттық Банкі банктер мен олардың клиенттеріне кассалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру, сондай-ақ банктердің қолма-қол ақшаны сақтауы, тасымалдауы және есепке алуы жөніндегі негізгі талаптарды белгілейді.";

2) 48-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) қолма-қол ақшаны пайдалана отырып төлем жасау тәртібі мен шарттарын белгілейді.".

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952235_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4,

51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10; 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат, 1998 ж., N 4, 45-құжат; N 14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; 1999 ж., N 6, 192, 193-құжаттар; N 20, 731-құжат; N 21, 786-құжат; 1999 жылғы 23 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 22 қарашадағы Z990485_ Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылғы 21 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және 1999 жылғы 23 желтоқсанда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Z990492_ Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 5-баптың 4б) тармақшасының б) тармақшасы "рыногының" деген сөзден кейін ", бағалы қағаздармен жасалатын операциялардың" деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 22-2-баппен толықтырылсын:

"22-2-бап. Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) кепілдік беруге (оларды сақтандыруға) байланысты жарналар бойынша шығыстар шегерімдері

Банктер - жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жүйесінің қатысушылары жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) кепілдік беруге (оларды сақтандыруға) байланысты аударылған міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналар сомасын шегерімге жатқызуға құқылы.";

3) 147-бапта:

1) тармақшада:

"салық төлеушіге банк" деген сөздер "салық төлеушіге (резидент емес жеке тұлғалардан басқасына) банк" деген сөздермен ауыстырылсын;

"салық төлеушіге аталған" деген сөздер "салық төлеушіге - заңды тұлғаға немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаға аталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақшаның бірінші, екінші және төртінші абзацтарындағы "тапсырмаларын (өкімдерін)", "тапсырмаларды (өкімдерді)", "тапсырмалар (өкімдер)", "тапсырмасында (өкімінде)", "тапсырмасы (өкімі)" деген сөздер "өкімдерін", "өкімдерді", "өкімдер", "өкімінде", "өкімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тармақша "салық төлеушінің" деген сөздерден кейін " - заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшада:

"4-тармағында" деген сөздер "1-тармақтың 4) тармақшасында" деген сөздермен

ауыстырылсын;

"салық төлеушілердің" деген сөздерден кейін " - заңды тұлғалардың немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың" деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақша "органдарына" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 154-бапта:

2-тармақ "оны төлеушілердің" деген сөздерден кейін "заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың төртінші бөлігіндегі "салық төлеушінің банк шотынан" деген сөздер " салық төлеуші заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаның банк шотынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "оның дебиторының шотынан" деген сөздер "оның дебиторларының, заңды тұлғалардың немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың банк шотынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 158-баптағы "дебиторлардың" деген сөзден кейін " - заңды тұлғалардың немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың" деген сөздермен толықтырылсын;

б) 171-баптың 1-тармағында:

1) тармақшада:

"жеке тұлғалардың" деген сөздер "заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші абзац "азаматтардан" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) заңды тұлғалар салықты есептеу мен төлеуге байланысты есептерді осы Заңда белгіленген мерзімнен бастап 10 күн ішінде салық қызметіне табыс етпеген жағдайда, олардың банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де ұйымдардағы банк шоттары (корреспонденттік шоттардан басқа) бойынша шығыс операцияларын анықталған тәртіп бұзушылықтар жойылғанға дейін прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып тоқтата тұруға құқылы. Салық заңдарын бұзу фактілері анықталған жағдайда салық қызметінің органдары осыны куәландыратын құжаттарды, ақша қаражатын және материалдық құралдарды, алып қойылған заттардың тізбесі бар акт көшірмесін төлеушіге тапсыра отырып, алып қоюға құқылы;"

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) басқа заңды тұлғалардан, биржалардан және азаматтардан мәліметтерді, анықтамаларды, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет туралы құжаттарды тек қана қызмет бабындағы мақсатта және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып алуға;"

мынадай мазмұндағы 8-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып, банктерден және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге де ұйымдардан тексеру жүргізілетін заңды тұлғаға немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша оның банк шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары мен оның ақша қозғалысы туралы мәліметтерді, сондай-ақ тексеру жүргізілетін тұлғаның банктің сейф жәшіктерінде, шкафтарында және үй-жайларында сақтаулы жатқан мүлкінің сипаты және құны

туралы қолда бар мәліметтерді алуға;"

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2444 Z952444_

заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 184-құжат; N 15, 281-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 5, 58-құжат; N 13-14, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 11-12, 176-құжат; N 17-18, 224-құжат; 1999 ж., N 20, 727-құжат):

1) 50-бапта:

1-тармақтағы "шоттарының" деген сөз "банк шоттарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

"төменде келтірілген негіздер бойынша" деген сөздер "осы бапта көзделген негіздер бойынша және шекте" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Банктердің заңды тұлғаларға немесе заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға банк шоттары ашылғаны туралы салық органдарына міндетті түрде хабарлауы, сондай-ақ мәжбүрлеу тәртібімен таратылатын банк тарату комиссиясының жеке тұлғалардың банк шоттарындағы ақша қалдығы туралы мәліметтерді салымшыларға ақшасын қайтарумен байланысты шараларды жүзеге асыру үшін салымдарға (депозиттерге) ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жөніндегі ұйымға және агент-банктерге беруі банк құпиясын ашу болып табылмайды.";

5-тармақтағы "Шоттарының" деген сөз "Банк шоттарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Заңды тұлғалардың банк шоттарының және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың ағымдағы шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары және ақша қозғалысы туралы анықтамалар мыналарға беріледі:";

мынадай мазмұндағы д-1) тармақшасымен толықтырылсын:

"д-1) атқарушылық іс жүргізу органдарына: олардың жүргізіп жатқан атқару істері бойынша бірінші басшы немесе сот орындаушысы қол қойып, іс жүргізу органының мөрімен расталған және прокурор санкция берген жазбаша сауал негізінде;";

7-тармақта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жеке тұлғаның банк шоттарының бар-жоғы және нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары мен ақша қозғалысы туралы анықтамалар, сондай-ақ оның банктің сейф жәшіктерінде, шкафтары мен үй-жайларында сақтаулы жатқан мүлкінің сипаты мен құны туралы қолда бар мәліметтер мыналарға беріледі:";

б) тармақшасы "реттерде" деген сөзден кейін "анықтау немесе алдын ала тергеу органының бірінші басшысы немесе тергеушісі қол қойып, мөрімен куәландырылған және прокурор санкция берген жазбаша сауал негізінде" деген сөздермен толықтырылсын;

в) тармақшасы "ұйғарымы" деген сөзден кейін ", қаулысы, шешімі, үкімі" деген сөздермен толықтырылсын;

д) және е) тармақшалары алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Осы баптың 6 және 7-тармақтарында көзделген банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы анықтамалар клиенттің банк шоттары бойынша ақша қозғалысы туралы оның жеке шотынан алынған көшірме нысанында беріледі.";

8-тармақтың бірінші абзацында:

"шоттарының бар-жоғы және" деген сөздер "банк шоттарының бар-жоғы және нөмірлері," деген сөздермен ауыстырылсын;

"құны туралы" деген сөзден кейін "қолда бар" деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) соттар мен нотариустарға: соттың ұйғарымы, қаулысы немесе нотариустың өз мөріні қойып куәландырған жазбаша сауалы негізінде олар жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша. Нотариустың жазбаша сауалына шот иесінің қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі қоса берілуге тиіс.";

2) 51-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Заңды және жеке тұлғаның банктегі ақшасына және басқа мүлкіне прокурор санкция берген анықтау және алдын ала тергеу органдарының қаулылары және атқарушылық іс жүргізу органдарының қаулылары, сондай-ақ соттардың қаулылары, шешімдері, үкімдері, ұйғарымдары негізінде ғана тыйым салынуы мүмкін. Талап-арыз талаптарын қамтамасыз ету үшін тыйым салған кезде тыйым салынған ақша сомасы талап-арыз сомасынан, мемлекеттік баж және соттың шешімдерін, үкімдерін, ұйғарымдары мен қаулыларын орындауға байланысты шығыстар көлемінен аспауға тиіс.

Заңды тұлғалардың банк шоттарындағы (корреспонденттік шоттардан басқа) барлық шығыс операциялары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жағдайларда, салық және (немесе) кеден органдарының бірінші басшысы қол қойып, мөрімен куәландырылған салық және (немесе) кеден органдарының шешімдері бойынша, прокурорға міндетті түрде хабарлай отырып, тоқтатыла тұруы мүмкін, ал өндіріп алу Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша ғана жүргізілуі мүмкін болады.";

3) 52-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Салымдарға (депозиттерге) ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жүйесі

Банк салымшыларының (депозиторларының) мүдделерін қорғау мақсатында салымдарға (депозиттерге) ұжымдық кепілдік беруді (оларды сақтандыруды) жүзеге асыратын ұйым құрылады.

Ұлттық Банк салымдарға (депозиттерге) ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жөніндегі ұйымның құқықтық мәртебесін, оны құру, лицензиялау, қызметін реттеу және тоқтату тәртібін белгілейді.

Салымдарға (депозиттерге) ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) тәртібі, сондай-ақ салымдарға (депозиттерге) ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жөніндегі ұйымның банктермен өзара қатынастары Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.

Банктер салымдарға (депозиттерге) ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жүйесіне Ұлттық Банк белгілейтін мөлшерде және тәртіппен міндетті аударымдарды

жүзеге асыру жолымен қатысады.";

4) 74-2-баптың 3-тармағының в) тармақшасы "жеке тұлғалардың" деген сөздерден кейін ", салымдарға (депозиттерге) міндетті ұжымдық кепілдік беру (оларды сақтандыру) жөніндегі ұйымның" деген сөздермен толықтырылсын."

5. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі Z952368_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13, 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат; 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 46-құжат; N 24, 436-құжат, 1999 ж., N 20, 717-құжат):

1) 331-баптың бірінші бөлігі "құжаттарды" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 337-баптың бірінші бөлігінде:

"тегін" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

"немесе коммерциялық яки өзге де заңмен қорғалатын құпия болып табылатын" деген сөздер алып тасталсын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы U952707_ заң күші бар N 2707 Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат, N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 17-18, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233, 247-құжаттар):

11-баптың 1-тармағының 34) тармақшасында:

"заңға сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

"өтеусіз" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып" деген сөздермен толықтырылсын.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 Z952709_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156

-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 15, 208-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 774-құжат):

1) 6-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы "өтеусіз" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 44-бап мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) заңдарда белгіленген жағдайларда атқарушылық іс жүргізу органдарының борышкердің банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшасына және басқа мүлкіне тыйым салу туралы актілеріне санкция беруге құқылы."

8. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2710 Z952710_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат):

13-баптың 14) тармақшасы "өтеусіз" деген сөзден кейін "және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып" деген сөздермен толықтырылсын.

9. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Z970155_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж. N 13-14, 206-құжат; 1998 ж., N 22, 307-құжат):

1) 17-баптың 5) тармақшасы "жеке" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 34-баптың 1-тармағының 15) тармақшасы алып тасталсын;

3) 36-баптың 1-тармағының 13) тармақшасы алып тасталсын;

4) 14-тарауда:

атауында "Орындау жазбаларын жазу және" деген сөздер алып тасталсын;

87, 88, 89, 90, 91-баптар алып тасталсын.

10. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Z970206_ Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат):

125-баптың 2-тармағы "ұйымдардан" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып," деген сөздермен толықтырылсын.

11. "Ақша төлемі мен аударымы туралы" 1998 жылғы 29 маусымдағы Z980237_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 11-12, 177-құжат; N 24, 445-құжат):

1) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Банк шоттары

1. "Банк шоты - банктің депозитті (салымды) қабылдау және:

1) банктің клиентке тиесілі ақшаның болуын қамтамасыз етуіне және оны пайдалануына;

2) ақшаны клиенттің пайдасына қабылдауға (есептеуге);

3) клиенттің банк шоты шартында немесе банк салымы шартында көзделген тәртіппен үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аудару туралы өкімін орындауына;

4) егер бұл банк шоты шартында немесе банк салымы шартында көзделсе, клиенттің ақшасын алып қою туралы үшінші тұлғалардың өкімін орындауға;

5) қолма-қол ақшаны банк шоты шартында немесе банк салымы шартында белгіленген тәртіппен клиенттен қабылдауға және оған беруге;

6) клиенттің талап етуі бойынша клиенттің банктегі ақшасының сомасы және жасалған операциялар туралы ақпаратты банк шоты шартында немесе банк салымы шартында көзделген тәртіппен беруге;

7) банк шоты шартында немесе банк салымы шартында белгіленетін мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуге;

8) клиентке шартта, заңдарда және банк практикасында қолданылатын іскерлік айналым дағдыларында көзделген өзге де банк қызметін көрсетуді жүзеге асыруға байланысты операциялар жасау жөніндегі банк пен клиент арасындағы шарттық қатынастарды көрсету әдісі.

Банк шоттары банктер мен клиенттің арасында банк шоты шарты немесе банктік салым шарты жасалған кезде ашылады.

2. Банк шоттары жеке және заңды тұлғалардың, заңды тұлғалардың оқшауланған бөлімшелерінің ағымдағы және жинақ шоттары, сондай-ақ банктердің корреспонденттік шоттары болып бөлінеді.

3. Осы баптың 1-тармағында аталған операцияларды жүргізуге болмайтын шоттар, сондай-ақ банктердегі бухгалтерлік есептің позицияларын көрсететін шоттар, баланстық шоттардың құрамдас бөліктері болып табылатын жеке шоттар (қосалқы позициялар), соның ішінде несие шоттары банк шоттары болып табылмайды.

4. Клиенттердің банктегі ақшасынан өндіріп алынатын жағдайда, мұндай өндіріп

алу клиенттердің банк шоттарынан ғана жүргізіледі.

Банктердің корреспонденттік шоттарындағы ақшаны өндіріп алу банктердің өз міндеттемелері бойынша ғана жүргізіледі.";

2) 11-баптың 1-тармағындағы "иесі" деген сөз "ұстаушысы" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 12-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банк шотын тікелей дебеттеу арқылы төлем жасау ақша жөнелтуші мен оның банкі арасында жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады, осыған сәйкес ақша жөнелтуші жеткізілген тауар, орындалған жұмыс не көрсетілген қызмет үшін бенефициардың жоғарыда көрсетілген шартқа тиісті құжаттарды қоса тіркеп, талап етуі негізінде өзінің банк шотынан ақша алуға келісім береді.";

4) 13-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Егер ақша жөнелтуші өзінің банк шотынан акцептсіз ақша алуға ақша жөнелтушінің келісімі бар құжаттарды қоса тіркей отырып, ақша жөнелтуші банкке төлемдік талап-тапсырмалар қойса, мұндай төлемдік талап-тапсырма ақша жөнелтушінің акцептін талап етпейді.

Төлемдік талап-тапсырмалар қою, сондай-ақ ақшаны алып қоюдың негізділігін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын не көшірмелерін қоса тіркеу қажеттігі туралы талап ету тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.";

2-тармақта:

"кешіктірмей," деген сөзден кейін "ақша жөнелтуші банкке ақша жөнелтушінің акцептін талап етпейтін төлемдік талап-тапсырма қойылған жағдайларды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

соңғы сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Төлемдік талап-тапсырманы ақша жөнелтуші не ақша жөнелтуші банк акцепттеген жағдайда, егер талап-тапсырма ақша жөнелтушінің акцептін талап етпесе, төлемдік талап-тапсырманы жіберушіде оны орындау жөнінде талап ету құқығы пайда болады.";

5) 14-бапта:

2-тармақта:

"және басқа да" деген сөздер алып тасталсын.

"осы Заңның 20-бабында және салық қызметі органдары мен кеден органдарының инкассолық өкімдерінде көзделген тәртіппен мұндай құжаттар" деген сөздер "салық қызметі органдары мен кеден органдарының инкассолық өкімдері" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақ алып тасталсын;

6) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Инкассольдық өкім берілген кезде пайдаланылатын құжаттар

Ақша жөнелтушінің келісімінсіз ақшаны алып қоюға берілген инкассольдық өкім соттың шешімдері, үкімдері, ұйғарымдары және қаулылары бойынша берілетін атқару парақтары немесе бұйрықтары не ақшаны өндіріп алу туралы сот бұйрығы негізінде беріледі.";

7) 19-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі "банк" деген сөзден кейін "егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

8) 20-баптың 1-тармағы "шешімдері" деген сөзден кейін ", осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 21-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Заңды тұлғалар арасындағы 4000 айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы төлемдер қолма-қол ақшасыз төлеу тәртібімен ғана жүзеге асырылады.";

10) 23-баптың 2-тармағы "жүзеге асыру" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын ;

11) 30-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген өзге де әдістермен жүргізіледі.";

12) 35-баптың 5-тармағында "оның банк шотындағы ақшаға тыйым салу оған билік етуді шектеу, ақша жөнелтушінің немесе алушы банк ақшасын айналымға жібермеу (доғару)" деген сөздер "ақша жөнелтушінің немесе алушы банктің банк шотындағы ақшасына тыйым салу немесе банк шотындағы шығыс операцияларын тоқтата тұру" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 38-бапта:

1-тармақта:

"немесе алушы банкте" деген сөздер алып тасталсын;

"болған жағдайда" деген сөздерден кейін ", егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшадағы "ай" деген сөз "жыл" деген сөзбен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "не алушы банкте" деген сөздер алып тасталсын.

12. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 1998 жылғы 30 маусымдағы Z980253_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж, N 13, 195-құжат, N 24, 436-құжат; 1999 жылғы 19 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының

Заңына өзгерістер енгізу туралы" 1999 жылғы 16 қарашадағы
Z990479_

Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 5-бапта:

1-тармақта:

1) тармақшадағы "парақтары" деген сөзден кейін "және бұйрықтары"
деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) азаматтық іс жүргізу заңдарына сәйкес берілетін сот
бұйрықтары;"

2) және 5) тармақшалары алып тасталсын;

2) 6-бап "қаулысын" деген сөзден кейін "және сот бұйрығын" деген
сөздермен толықтырылсын;

3) 7-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

4) 9-бапта:

1-тармақта:

", нотариустың атқару жазбасын" деген сөздер алып тасталсын;

", атқару бөлігінде - нотариат кеңсесі орналасқан жердегі сотқа"

деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақтағы ", нотариустың атқару жазбасын" деген сөздер алып
тасталсын;

5) 10-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Бұл орайда борышкердің банктегі немесе банк операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшасына және басқа да мүлкіне сот
орындаушысы прокурордың санкциясымен ғана тыйым салады.";

6) 34-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен
толықтырылсын:

"Борышкердің банктегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардағы ақшасына және басқа да мүлкіне сот орындаушысы
прокурордың санкциясымен ғана тыйым салады;"

7) 38-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Борышкердің банктегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге
асыратын ұйымдардағы ақшасына және басқа да мүлкіне сот орындаушысы

прокурордың санкциясымен ғана тыйым салады.";

8) 40-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Борышкердің банктегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы ақшасына және басқа да мүлкіне сот орындаушысы прокурордың санкциясымен ғана тыйым салады.";

9) 86-баптың 1-тармағында:

3) тармақша "бойынша" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақшада:

"шоттары" деген сөз "ақшасы" деген сөзбен ауыстырылсын;

"қағаздарына" деген сөзден кейін "осы Заңда көзделген тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын.

13. "Табиғи монополиялар туралы" 1993 жылғы 9 шілдедегі Z980272_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1993 ж., N 16, 214-құжат, 1999 ж. N 19, 646-құжат):

14-баптың 1-тармағының 8) тармақшасы "заңды" деген сөздің алдынан "Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып," деген сөздермен толықтырылсын.

14. 1999 жылғы 1 шілдедегі K990409_ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; 1999 жылғы 30 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ерекше бөлім) өзгерістер енгізу туралы" 1999 жылғы 29 қарашадағы Z990486_ Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 599-баптың 3-тармағы алып тасталсын;

2) 740-баптың бірінші тармағында:

"анықтау органдары" деген сөздерден кейін "және атқарушылық іс жүргізу органдары" деген сөздермен толықтырылсын;

"азаматтық істер" деген сөздерден кейін "және атқарушылық іс жүргізу істері" деген сөздермен толықтырылсын;

"заңдарында" деген сөзден кейін "және атқарушылық іс жүргізу туралы заңдарда" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 741-бап "шешімінің" деген сөзден кейін ", сондай-ақ сот бұйрығының" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 742-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлік "жағдайда" деген сөзден кейін ", Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшадағы "басқа да атқарушы құжаттар бойынша" деген сөздер

"клиентке қойылған басқа да талаптарды қанағаттандыру үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 746-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"746-бап. Клиенттерге банктік қызмет көрсету шарттарын бұзғаны үшін жауапкершілік

Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар клиенттерге банктік қызмет көрсетуге байланысты бұзушылықтар жасағаны үшін Қазақстан Республикасының банк қызметін реттейтін заң актілерінде және банктік қызмет көрсету шарттарында белгіленген шекте жауап береді.";

6) 765-бап мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Осы баптың ережелері кепіл нысанасы болып табылатын және банкке салымшының міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін енгізілген салымдарға қолданылмайды.".

15. 1999 жылғы 13 шілдедегі

К990411_

Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж, N 18, 644-құжат):

137-баптың 5-тармағы алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң, 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 1) тармақшасын қоспағанда, жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Балабекова Г.Г.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК